

## Ескерткіш-тақта ашылды

Өткен сенбіде Қаныш Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты ғимаратының қабырғасына осы оқу орнының негізін қалаушы, физика ғылымдарының докторы, академик **Марат Пазылұлына** арналған ескерткіш-тақта ілінді.

Марат Марденов 1940 жылы Алматы облысы Ақсу ауданы Ақсу ауылында дүниеге келді. 1957 жылы Алматы облысы Фабричный кентінде орта мектепті бітірген соң, Семей қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түседі. Институтты бітірген соң Павлодар облысы Май ауданында физика-математика пәндерінің мұғалімі ретінде еңбек жолын бастайды.

(Жалғасы 3-бетте)

Д.ЖҰМАДІЛОВА



## Ескерткіш- тақта ашылды

(Басы 1-бетте)

1965 жылы Павлодар қаласындағы индустриалдық институтының Ермактағы филиалында аға оқытушылыққа шақырту алады. 1988-1994 жылдар аралығында Павлодар индустриалдық институтының Екібастұздағы филиалында декандыққа бекітіледі.

1994 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының ректоры қызметін атқарады.

Марат Пазылұлы 1978 жылы кандидаттық диссертациясын, 1995 жылы докторлық диссертациясын қорғайды. 70-тен астам ғылыми жұмыстар жазды. Екі авторлық өнертабыстың иесі.

Ескерткіш-тақтаның ашылу рәсіміне қала әкімі Александр Вербняк, қалалық мәслихат хатшысы Болат Құспеков, Марат Пазылұлының отбасы, жолдастары, шәкірттері қатысты.

«Марат Пазылұлы қашанда биіктен көрінетін, бірақ ол өзін ешкімнен жоғары ұстаған емес. Ол екібастұздықтардың игілігіне институт ашты. Осы институтты ашу жолында қаншама тер төкті. Институтқа грант бөлінбей қалған жылдары жастардың келешегіне алаңдағанын өз көзіммен көрдім. Ол - шын мәніндегі қаланың құрметті азаматы», - деді Александр Федорович.

«Техникалық жоғары оқу орнын ашу - шығыны мол іс. Қыруар қаржы салуды қажет етеді. Марат Пазылұлы соған қарамастан осындай күрделі де жауапты қадамға барды.

Қазір қай кәсіпорынға барсаңыз, ЕИТИ-дің түлектерін кездестіресіз. Идеяны жүзеге асыра білген Марат Марденов - қошеметке лайық жан. Өкінішке қарай, біз бүгін өзімізге қадірлі жанның мерейтойын Марат Пазылұлының қатысуынсыз бірінші рет атап өткелі отырмыз», - деген Наталья Кебинаның сөзі де елді толқитты.

Марат Пазылұлының бала кезден бірге өскен досы, физика-математика ғылымдарының докторы Мейрам Алтыбасарұлы жолдасының білімдарлығын ерекше бөліп айтты.

- Марат Пазылұлы Нобель сыйлығының лауреаты Александр Прохоров пен Николай Басовтың шәкірттерімен жақсы қарым-қатынаста болды. Әсіресе, Николай Басовтың шәкірттері Марат Пазылұлының ядролық физика саласында қорғаған еңбегіне оң баға берді, - деді ол.

«Марат Пазылұлы негізгі мамандығы педагог болғандықтан, шәкірт тәрбиелеуді мақсат тұтты. Ол студенттерді әрқашан қолдады. Олардың жан дүниесін түсінуге тырысты. Соңғы демі үзілер шағында: «Институт өрі қарай да дамуы тиіс, оны сақтай біліңдер», - деп бізге аманат артты. Марденовтің жан жары Дина Нұртазақызы жиналғандар алдында көзіне жас алды.

Ескерткіш-тақтаның ашылу рәсімінде Марат Пазылұлының жолдасы Мейрам Алтыбасарұлы және жұбайы Дина Нұртазақызы жабуды ашу құрметіне ие болды.